**Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Тимофеев ауылының шекарасын (шегін) өзгерту туралы**

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 13 наурыздағы № 229 шешімі және Қостанай облысы Әулиекол ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 51-2 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 5515 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 12-баптарына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6, 31-баптарына сәйкес Әулиекөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Әулиекөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Тимофеев ауылының шекарасы (шегі) оның шегінен жалпы алаңы – 2172,0 гектар жер учаскесі шығарылып және жер қорына қосылып, қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес өзгертілсін.

2. "Әулиекөл ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер-есеп құжаттамасына қажетті өзгерістерді енгізсін.

3. Осы шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *Әулиекөл ауданының әкімі*

*_______________ Ю. Волков* *_______________ А. Балғарин*

*Әулиекөл аудандық мәслихатының хатшысы*

*_______________ А. Бондаренко*




© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК